

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

БҰЙРЫҚ

Ақтөбе қаласы

№166

01.09.2022 ж.

Білім беру процесінде тәрбиеленушілердің өмір сүру қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау шараларын күшейту туралы

2022-2023 оқу жылы білім беру процесінде тәрбиеленушілердің өмір сүру қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау шараларын күшейту мақсатында



БҰЙЫРАМЫН:

1. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығы үшін МКҚК қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру.
2. Тәрбиешілер тәрбиеленушілерді тек ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) қабылдасын және тапсырсын.
3. Ерекше жағдайларда ата-аналардың (заңды өкілдердің) жазбаша өтініші негізінде тәрбиеленушіні 18 жастан асқан ересек адам алуға құқылы. Жауаптылар: тәрбиешілер.
4. МКҚК-ға орталық кіру 08:00-ден 18:30-ге дейін жұмыс істейді және шаруашылық меңгерушіні тұрақты бақылауында болады. Жауаптылар: А.Т.Жусупова
5. Ғимаратқа қосымша кіру және топтық үй-жайлар 08:00-ден 08:30-ге дейін және 17:00-ден 18:30-ге дейін жұмыс істейді. 8:30-ден 17:00-ге дейін және 18:30-ден 08:00-ге дейін қосымша кірістер жабық.
6. Жауаптылар: топ тәрбиешілерінің көмекшілері.
7. Ғимаратта бөгде адамдардың болуына, сауда жасауға қатаң тыйым салынады.
8. Тәрбиеленушілер ғимаратта жүрген, серуенге шығу және қайту кезінде тәрбиешілер мен тәрбиешілердің көмекшілерінің іс-әрекеттері келісілген және нақты ұйымдастырылған тиіс. Тәрбиеленушілер үнемі бақылауда болуы керек.
9. 18:00-ден 08:00-ге дейінгі кезеңде МКҚК аумағына апаратын барлық кіру есіктері жабылуы тиіс. Күзетшілер МКҚК аумағында бөгде адамдардың, заттардың болмауына бар күшін салуы тиіс. Жауаптылар: күзетшілер.
10. Балаларға жақын орналасқан жабдықтар мен жиһаздарды уақтылы жөндеу және бақылау. Жауапкершілік шаруашылық меңгерушісіне А.Т.Жусуповаға жүктелсін.
11. Бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі:

Уркимбаева А.Ж.

Бұйрықпен таныстырылды:

 / 
(қолы) (Т. А. Ә.)

